

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 10 қарашадағы N 680 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "Уәкілетті органмен өзінің өсімдік шаруашылығы саласындағы бақылау функцияларын жүзеге асыруға қажетті сақтанушы, сақтандырушы және агентпен берілетін ақпараттар және құжаттың нысаны мен мерзімін бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 9 желтоқсандағы N 749 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5471 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/465 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.05.2015 № 4-1/465 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы Ереженің 14-тармағының 159) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 20 қазандағы N 649 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті туралы Ереженің 10-тармағының 101) тармақшасына, 11-тармағының 26) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Уәкілетті органмен өзінің өсімдік шаруашылығы саласындағы бақылау функцияларын жүзеге асыруға қажетті сақтанушы, сақтандырушы және агентпен берілетін ақпараттар және құжаттың нысаны мен мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 10 қарашадағы N 680 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4471 болып тіркелген, 2007 жылғы 16 қаңтардағы N 6 (1209) "Юридическая газета" жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "аумақтық инспекциясы" деген сөздердің алдынан " Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің" сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) агентпен - жеті сайын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекцияларына осы бұйрыққа 3-қосымша бойынша, сол сияқты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетіне 4, 5, 6-қосымшалар бойынша."

3-тармақты "Министрліктің Екіншілік департаментіне" деген сөздер "Комитетіне" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешенін дамыту стратегиясы және аграрлық ғылым департаменті 5, 6-қосымшалар бойынша осы бұйрықтың 2-тармағының 3) тармақшасының орындалуына бақылау жасасын";

5-тармақты "Л.С. Мусинаға" деген сөздер "А.Қ. Евниевқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

осы бұйрыққа 1-қосымшада:

"аудандық инспекциясы" деген сөздердің алдынан "АӨК МИК" деген аббревиатурамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Екіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев